

Жұмабай ӘБІЛ

ЭТНОДЕФОРМАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

В статье дается толкование терминов, раскрывающие понятие этнодеформации, ее роли и содержания, а также поясняется ее закономерности торможения и дается характеристика названий терминов и сочетаний терминов, раскрываются их значения.

Makalede "millî kimlik aşınımı" kavramının anlamı, fonksiyonu ile aşınma ve frenleme kurallarını açıklayan diğer terimler karakterize edilip, bunların önemi ele alınmaktadır.

Ұлттық сананың жаттану процестерін нақпа-нақ зерттеп, оның бұзылу немесе қайтадан қалпына келу құбылыстарына дер кезінде баға беріп отыратын нақты ғылыми методология қалыптаспаған. Бүкіл әлем халықтары ғалымдары ұлттық сананы психология, философия, логика, социология т.б. ғылымдардың мүмкіндігін пайдалану арқылы зерттеп келеді. Бұл ғылымдар аталмыш мәселеге тек жанама түрде ғана бара алды. Сондықтан, бұл аталған ғылымдар ұлттық санадағы өзгерістерді және сол өзгерістерге әсер ететін жағдайларды зерттеудің дәлме-дәл табылған методологиясы бола алмады.

Түрлі саяси-әлеуметтік қатынастардың, түрлі басқа да зиянды күштердің ұлттық сананың бұзылуына тигізген орасан зор ықпалын тікелей тексеретін арнайы ғылым түрінің жоқтығын былай қойғанда, бұған белгілі бір ғылымның тікелей қолғабыс тигізетін саласы да жоқтың қасы.

Тағы бір қиындық — қоғамдық ғылымдардағы қолданылып жүрген терминдік атаулар мен терминдік тіркестер, терминдік ұғымдардың ұлттық санаға қатыстылығының өзі ондағы жаттану процестерін, оның даму эволюциясын, ондағы белгілі бір уақыт аралығында болатын оң өзгерістер мен теріс өзгерістердің табиғатын толығымен тұтас күйде сипаттай алмайды, тек жанама түрде ғана атсалысып отырады.

Этнопедагогика, этнопсихология, этнокультура, этногенезис деген терминдердің халықтық педагогикаға, ұлттық менталитетке қатысты жағы болғанымен ұлттық сананың бұзылу, яғни көзқамандану процестерін бейнелеп жеткізуде дәрменсіздік танытады.

Философия ғылымында қоғамдық даму мен қоғамдық сананың әр түрлі заңдылықтарын зерттеу барысында қалыптасқан алуан сипатты терминдер көп. Сондай-ақ, өндіріс, экономика, техника, рухани өмір салаларындағы өзгерістердің заңдылықтарын анықтаудың категориялары мен терминдік ұғымдары, терминдік атаулары аз емес. Бірақ, олардың ұлттық сана өзгерістерін тексеруге методологиялық тұрғыдағы қатысы аз. Сол қаншама терминдік атауларды және ұғымдарды этнодеформация ұғымымен тіркестіргенде ғана философия, логика, психология немесе физика, техника, математика саласындағы қолданылып келген кейбір терминдер мен терминдік ұғымдар ұлттық сананың жаттану процестерін зерттеуге қабілетті бола бастайды.

Этнодеформация термині “этно” және “деформация” деген ұғымдарды бір-біріне тіркеу арқылы жасалынған. Мұның мәнісі “этно” деген терминнің

білдіретін мағынасының деформацияның “бүліну, бұзылу” деген мағынасына сананың жаттануына қатысты мазмұн дарытатындығында жатыр. Мұны айқын түсіну үшін аталған ұғымдарға берілген анықтамаларды еске түсіріп көрейік. Үлкен Совет энциклопедиясында деформацияға мынадай анықтама берілген: “Деформация (от лат.—deformatio—искажение) — изменение относительного положения частиц тела, связанное с их перемещением — деформация представляет собой результат изменения межуатомных расстояний и перегруппировки блоков атомов и обычно сопровождается изменением величин межуатомных сил, мерой которого является упругое напряжение. Деформация твердых тел в связи со структурными особенностями последних изучается физикой твердого тела, а движение и напряжение в деформируемых твердых телах — теорией упругости и пластичности...”[1].

Сонда этнодеформация дегеніміз этноның тек, сана, деформацияның “бұзылу, бүліну” деген мағыналарынан құрала келіп ұлттық тектің, ұлттық сананың, ондағы дәстүрліліктің бүлінуі деген ұғым білдіреді. Олай болса, этнодеформация терминдік ұғымының білдіретін мағынасы ұлттық сананың, ұлттық болмыстың о бастағы жаратылысынан алшақтауы, ажырауы дегенге барып саяды.

Этнодеформацияға тән негізгі ұғымдарды қалыптастыруға философия ғылымында сұраныс білдіріп тұрған терминдік атаулар мен ұғымдардың саны едәуір. Мәселен, қоғам дамуындағы, адам санасындағы құлдыраушылыққа, тоқырауға, түрлі өзгеріске байланысты қолданылатын ассимиляция, пассионарлық, ұлттық болмыстың сақталуына қатысты менталитет, этнос секілді ұғымдар этнодеформация заңдылықтарын ашуға қолайлы. Халық психологиясындағы күрделілікті зерттеуге байланысты қолданылатын детерминизм, жүйелілік детерминизм, кері байланыс типіндегі детерминизм статикалық детерминизм тәрізді терминдердің де этнодеформацияның құрылымын жүйелеуге көмектесе алады. Жалпы алғанда, этнодеформацияға тән негізгі ұғымдарды қалыптастыруды қолға алғанда ұлттық сананың бұзылуына, бүлінуіне үксас заңдылықтарды тексеретін, айқындайтын терминдік ұғымдар мен атаулар туралы ойламай болмайды.

Біз бұдан бұрынғы мақалаларымызда этнодеформацияның үлкен және кіші шеңбері, этнодеформациялық коллизия, этнодеформациялық мобилизация, этнодеформациялық кеңістік, этнодеформациялық коллизияның белсенділігі (активтілігі) мен бәсеңділігі (пассивтілігі) этнодеформациялық анализ, этнодеформациялық синтез, этнодеформацияның түрлеріне қатысты авторитарлық этнодеформация т.б. терминдік атаулар мен ұғымдарды қолдана бастадық.

Енді солардың кейбіреулеріне қысқаша тоқталып кетуді жөн санаймыз.

Этнодеформациялық мобилизация — бұл белгілі бір халықтың этностық тұтастығын бұзуға, ұлттық сананы өзгертуге жаппай жұмылдырылған әрекеттің көрінісі. Алып мемлекеттердің кіші мемлекеттер халқын ұлтсыздандыру саясатының қай-қайсысы да сол мемлекет идеологиясының осы бағыттағы жұмылдырғыш күшінің деңгейіне байланысты. Кеңес өкіметі идеологиясының тек таптық мемлекет орнатуға бағытталып қана қоймай, соған бар күшін жұмылдыруы — оның құрамындағы орыс емес халықтардың

ұлттық санасын этнодеформациялық мобилизацияға ұшыратты. Шындығында да, мобилизацияға берілген анықтамада айтылған жайлармен ұлттық сананың бұзылу процесінің табиғаты сай келеді. Анықтамаға зер салайық: “Мобилизация – приведение чего(кого)-либо в активное подвижное состояние, обеспечивающее успешное выполнение сложной, чрезвычайной задачи; приведение в действие сосредоточение, напряжение всех сил и средств для достижения определенной цели” [2].

Диалог комедиядағы жаңалаушы екпін мен этнодеформациялық мобилизация қашан да бір-бірінің барынша күшеюіне ықпал етіп отырады. Этнодеформациялық мобилизация көзқамандану процесін барынша жеделдетіп қана қоймайды, сонымен қатар диалог комедияның дәстүрлі емес түрлерін көбейтеді.

Этнодеформациялық мобилизацияның даму эволюциясы өз-өзінен ерекше ажыратылып, айкындалып тұратын екі стадиясын айрықша атап өту кажет. Алғашқы стадияда этнодеформациялық мобилизацияның ұлттық сананың жаппай жаттануынан көзқамандану процесіне дейінгі аралықтағы сипаты қосылады. Екінші стадия – көзқаманданудың жаңалаушы екпінге серпінділік (иммунитеттік) қасиет дарыту қызметіне толық көшкен уақыты. Этнодеформациялық мобилизацияның осы ең қауіпті екінші стадиясынан диалог комедиядағы серпінді және жаңалаушы екпіндердің тоқтаусыз бәсекелестігі басталады. Этнодеформациялық мобилизация тұрақты үйлестіруші факторлардың дәстүрлі емес үйлестіруші факторлармен үздіксіз орын алмасуына әкеліп тірейді. Осы алмасудың нәтижесі – жаңалаушы екпіннің иммунитеттілігі. Бұның басты тірегі үйлестіруші факторлардың дәстүрлі емес түрлері болып саналады.

Алғашқы стадияға этнодеформациялық мобилизация соққысы белгілі бір ұлттың ең алдыңғы қатарлы зиялыларының бірлігін ыдыратуға немесе оларды күшпен тұншықтыруға бағытталады. Мәселен, БК(б)П Орталық Комитетінің 1925 жылғы 18 маусымдағы “Партияның көркем әдебиет туралы саясаты”, 1932 жылғы “Көркем әдебиет ұйымдарын қайта құру туралы” қаулыларының қай-қайсысы да этнодеформациялық мобилизация көріністерін шегіне жеткенше асқындыру бағытындағы өрескел шаралар. Бұл қаулылардың басты мақсаты – ұлттық идеяны күйрету, қазақтың ең алдыңғы қатарлы зиялыларын осы идеядан бездіру.

Кенестік кезеңдегі этнодеформациялық мобилизация саясатының көркемөнер саласында жүргізілуінің арғы тарихы В.И. Лениннің “Партиялық ұйым және партиялық әдебиет” деп аталатын әйгілі мақаласынан басталады. Қазірде көптеген әдебиеттанушылар социалистік реализм көркемдік әдісінің теориялық негізін де аталған мақаладағы партиялық қағидалармен тығыз байланыстырып жүр. Демек, этнодеформациялық мобилизация таптық (пролетарлық-Ж.Ә.) әдебиет жасау шаралары кезінде айрықша асқынып отырды.

Этнодеформациялық мобилизация кеңес дәуіріндегі ақын-жазушылардың таптық көзқарасынан және сол бағыттағы іс-әрекеттерінен айқын байқалып қана қоймай, көркем әңгімелер мен повестердің, драмалық шығармалардың кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінен де аңғарылады. Ал, енді этнодеформациялық мобилизацияның кейіпкерлер психологиясын бұзудағы,

өзгертудегі ықпалының көркем шығармаларда жан-жақты бейнеленуі — сол көркем туындылар авторларының кеңестік идеологияға, яғни ұлттық рухты жағандыру саясатына оппозициялық көзқараста болғандығын айғақтайды. Олай болса, 20-30-шы жылдардағы Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Б.Майлиннің этнодеформациялық мобилизацияның кереғар әсеріне ұшыраған кейіпкерлері туралы кеңестік дәуірде айтылған ой-пікірлерде жазушылар ұстанған позицияны саясатқа бейімдеп жіберу жиі ұшырасады. Сондықтан, пролетарлық әдебиет мүддесін көздеген кеңестік әдебиеттану ғылымы сол тұстағы ақын-жазушылардың этнодеформациялық мобилизация өзгерістеріне қарсы ұстанған позициясын үнемі бүркемелеп отырды. Жазушының айтқан ойын саясатқа бейімдеп жіберу — бір жағы құлдық психологияның салдары болса, екіншіден этнодеформациялық мобилизация саясатын көрермендерге, оқырмандарға, жалпы өнер сүйер жас ұрпаққа байқатпаудың амалы еді.

Отызыншы жылдардағы көркем шығармалардағы жаңаға жаны құмар, соған жан-тәнімен құлай берілген кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне этнодеформациялық мобилизация тұрғысынан баға беру — жазушылардың сол уақыттағы ұлттық сана өзгерістеріне деген қарым-қатынасын дәл бағалауға мүмкіндік береді. Мұның өзі көркем шығарманың идеялық мазмұнын қаламгердің этнодеформациялық мобилизацияға қарсы көзқарасы жағынан елеп-екшеуді керек етеді. Осы себепті отызыншы жылдардағы ұжымдастыру тақырыбындағы кейбір шығармалардың жанры жөніндегі қалыптасқан ой-тұжырымдарды да өзгертуге тура келеді. Бұл — тікелей көркем прозалық туындылардағы этнодеформация шалығына ұшыраған кейіпкерлер іс-әрекетін ұлттық идея тұрғысынан бағалаудан туындайды.

Б.Майлиннің “Раушан коммунист” повесін алайық. Бұл повесте автор ұжымдастыру кезіндегі қазақ ауылында тұратын Раушанның психологиясындағы этнодеформациялық мобилизация әсерінен туған өзгерістерді қазақ ұлтының мүддесі үшін үлкен саяси мәселе ретінде көтере отырып, бұны сатиралық пафоспен жазып жеткізген. Сондықтан, жазушының кеңес дәуірінде өте жоғары бағаланған ең атақты шығармасы “Раушан коммунист” хикаятын (повесін) саяси сатиралық повесть деп атасак ұтылмаймыз. Осылай атағанда ғана Б.Майлиннің отызыншы жылдарда көркем прозада ұстанған позициясын айқындай аламыз.

Саяси сатиралық проза — Б.Майлиннің отызыншы жылдар әдебиетіндегі ең ірі табысы. Бұған бірден-бір дәлел боларлық туындысы — “Раушан коммунист”. Мұның саяси сатиралық повесть ретіндегі жанрлық сипаттарын кеңінен талдап айтуды келесі мақаланың жүгі деп есептейміз.

Тағы бір негізгі ұғым - этнодеформацияның кіші және үлкен шеңбері. Бұл терминдік ұғымның мағыналық аясы өте ауқымды. Өйткені этнодеформацияның таралу аймағын, асқыну және тарылу заңдылықтарын нақтылайтын мұндай тіркестер тек қана туыстас түбі бір, тегі бір халықтардың санасындағы жаттану процестерін айқындау сәтінде ғана қолданылмайды. Этнодеформацияның ұлттың, рудың, белгілі бір бауырлас адамдардың, мемлекеттік идеологиялардың қарым-қатынасында кездесетін кез-келген түрінің үлкен және кіші шеңберлері болады. Этнодеформациялық коллизияның белсенділігі мен бәсеңділігінің қайсысының шабан,

қайсысының шапшаң әрекет етуіне қарай этнодеформацияның кіші шеңберінің үлкен шеңберге немесе үлкен шеңберінің кіші шеңберге айналу заңдылықтары реттеліп отырады.

Кеңес дәуірінде этнодеформацияның асқыну және тежелу заңдылықтарында әрекеттесуші сапалық белгілер жиі-жиі түрленіп отырды. Этнодеформациядағы мұндай түрлену негізінен мемлекетаралық саяси қатынастардың сипатына, ұлттық санадағы сапалық белгілердің деңгейіне байланысты болады. Соған орай ондағы әрекеттесуші қозғаушы күштердің түрлері де өзгереді. Басқаша айтсақ, этнодеформацияны асқындырушы күштер кейде өздік санасы қалыптасқан зиялылар атынан, кейде ұлттық сана бірлігі атынан әрекет етсе, ал оның асқыну процесіне кейде жат рухтағы адамдар, кейде рулық, таптық, тайпалық сана иелері қатты ықпал етеді.

Көрнекті публицист Р.Бердібайдың түрік бірлігі мәселелерін қамтитын мақалаларының этнодеформацияның тежелуіне қатысты жағының өзі екі бөліктен құралады. Оның бірі—ұлттың ішкі бірлігі. Бұны рулық қатынастар бірлігі арқылы шешуді ұсынады. Екіншісі - сыртқы бірлік, яғни түрік халықтарының туыстық байланысы. Бірақ, мұның екеуі де этнодеформацияның ішкі этностық ыдырау арқылы болатын түріне жатады. Әрине, мұндай ыдыраудың бір-бірінен елеулі айырмашылығы да жоқ емес. Сондықтан, бүкіл түркі халықтарының тұтастығын, генеалогиялық байланыстарын ұмыттыратын этнодеформацияны — үлкен шеңбер, ал түркі халықтарының құрамына енетін жеке-жеке этносқа тән этнодеформацияны — кіші шеңбер деп атаған орынды.

Айрықша қауіпті жайт - тежелу процесінің аталған этнодеформацияның екеуі де тән болмай, оқшаулану жолымен жүруі. Мұндай жағдайда жекелеген ұлттардың ұлттық санасындағы оң өзгерістер тежеліп, этнодеформация ұлғаяды да, ол әлгі ішкі бірліктің үлкен шеңберінің ескерусіз калуының салдарынан бұлардың арасында ұлттық алауыздық күшейеді. Мұндай алауыздық орны толмас апатқа апарып ұрындырады, түркі халықтарының түбі бір туыс екендігін ұмыттырады. Осы арада Мұстафа Шоқайдың мына пікірін жоғарыдағы қағидаға негіз етіп алуға болар еді: “Біз,—дейді М.Шоқай, — түркімендер, өзбектер, қазақтар, қырғыздар, башқұрттар, татарлар — бір түркі жанұясының мүшелеріміз. Біртұтас мемлекет құруға, бір түркі ұлт болуға тырысу керек. Түркістан, бұл түріктер Түркістанның түркизмі, оның түріктік болмысы табиғи нәрсе. Бұл жөнінде айқаймен мәлімдеудің ешбір қажеті жоқ. Өйткені, Түркістан өзінің болмысынан ажырай алмайды. Сондай-ақ өзінің шыққан тегін және өзінің руластарын мойындамау сияқты оңбағандықты да қабылдай алмайды” [3].

Қорыта айтсақ, этнодеформация мәселелері ұлттық таным мен ұлттық сана бірлігінің сақталу және сақталмау себептерінің төңірегінде туындап, оған әсер еткен түрлі саяси әлеуметтік күштердің, бір-біріне қарама-қарсы идеологиялық тартыстардың зардаптарын ұлт мүддесі тұрғысынан шешу жағдаяттарынан өрістейді. Этнодеформация мәселесі — көп жақты мәселе.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Большая советская энциклопедия. М., второе изд., т.14, 1952. С.183.
2. Большая советская энциклопедия. М., второе изд., т.28, 1952. С.19.
3. Алматы ақшамы. 1991. 8 тамыз.